# Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі N 286 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 15 қазанда N 2144 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 07 желтоқсандағы № 535 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 07.12.2015 № 535 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы "Өсімдіктер карантині туралы" Заңының 9-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, облыс аумағында таралған карантиндік объектілердің ошақтарын оқшаулау және жою мақсатында уәкілетті органның ұсынуы бойынша облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Карантиндік объектілердің түрлері бойынша жалпы көлемі 152 747,21 гектарда аудандар (қалалар) кескінінде карантиндік режимді енгізе отырып, қосымшаға сәйкес облыс аумағында карантиндік аймақ белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Алматы облыстық әкімдігінің 28.01.2014 N 11 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Алматы облысы әкімдігінің 2005 жылғы 20 шілдедегі "Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы" N 165, (Алматы облысының Әділет департаментінде 2005 жылдың 8 тамызында нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1941 нөмірімен енгізілген, "Жетісу" газетінің 2005 жылғы 06 қыркүйекте N 100 санында жарияланған) қаулысының және Алматы облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 қаңтардағы "Облыс аумағында карантиндік аймақ белгілеу туралы" N 165 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы N 5, (Алматы облысының Әділет департаментінде 2007 жылдың 14 ақпанында нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 1981 нөмірімен енгізілген, "Огни Алатау" газетінің 2007 жылғы 20 ақпанда N 22 санында жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Д.

Досымбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң кейін қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі* *А. Мұсаханов*

Облыс әкімдігінің 2012 жылғы
18 қыркүйектегі "Облыс аумағында
карантиндік аймақ белгілеу
туралы" N 286 қаулысына
қосымша

## Алматы облысының аумағында ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің карантиндік объектілерін жоюға арналған карантиндік аймақ көлемі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Алматы облыстық әкімдігінің 28.01.2014 N 11 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| N | Аудандар, қалалар | Барлық залалданған жер көлемі, га | соның ішінде карантиндік объектілердің түрлеріне шаққанда | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | американ-дық ақ көбелек | калифорния-лық қалқан-шалы сымыры | шығыс жеміс жемірі | жұпсыз жібек көбе-легі | Комсток сымыры |
| 1 | Ақсу | 15613 | | | | | |
| 2 | Алакөл | 13300 | | 5 | | | |
| 3 | Балқаш | 3724 | | | | | |
| 4 | Еңбекші-қазақ | 26601 | 80 | 1018 | 857 | 390 | |
| 5 | Ескелді | 3137 | | 10 | 42 | 15 | |
| 6 | Жамбыл | 3004 | | | | 6 | |
| 7 | Іле | 2562 | 80 | 58 | 22 | 2 | |
| 8 | Қарасай | 3541 | 25 | 180 | 101 | 10 | 15 |
| 9 | Қаратал | 7349 | | | | | |
| 10 | Кербұлақ | 29894 | | | 5 | | |
| 11 | Көксу | 12137 | | 85 | | | |
| 12 | Панфилов | 4303 | | 367 | 191 | 49 | |
| 13 | Райымбек | 4633,21 | | | | 35 | |
| 14 | Сарқан | 6719 | | | | | |
| 15 | Талғар | 9586 | 49 | 269 | 50 | 65 | |
| 16 | Ұйғыр | 3722 | | | | | |
| 17 | Қапшағай қ-сы | 1062 | | | | | |
| 18 | Талдықор-ған қ-сы | 1481 | | 20 | 50 | 10 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 19 | Текелі қ-сы | 379 | | 19 | 15 | 25 | |
| | БАРЛЫҒЫ | 152747,21 | 234 | 2031 | 1333 | 607 | 15 |

кестенің жалғасы

| картоптың алтын түстес жұмыр құрты | жеміс дақылдарының бактериялды күйігі | жусан жапырақты ойран шөп | жатаған у кекіре | сары шырмауық |
|---|---|---|---|---|
| | | | 15032 | 581 |
| | | | 12910 | 385 |
| | | | 2900 | 824 |
| | 27 | 2535 | 18346 | 3348 |
| | | | 1818 | 1252 |
| | | | 2356 | 642 |
| | | 80 | 1994 | 326 |
| | | 193 | 2307 | 710 |
| | | | 5815 | 1534 |
| | | | 29740 | 149 |
| | | | 10747 | 1305 |
| | | | 3087 | 609 |
| 74,21 | | | 4324 | 200 |
| | | | 6100 | 619 |
| | 60 | 1366 | 6900 | 827 |
| | | | 3292 | 430 |
| | | 50 | 757 | 255 |
| | | | 885 | 516 |
| | | | 200 | 120 |
| 74,21 | 87 | 4224 | 129510 | 14632 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК